



"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты меморандумы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 289 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 776 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.17. N 776 қаулысымен.

"Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты туралы меморандум бекітілсін.
2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 9 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 8 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты туралы меморандум

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты туралы меморандум (бұдан әрі - Меморандум) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Даму Банкі) кредит саясатының негізгі қағидаттары мен басымдықтарын айқындайды, инвестициялық басымдықтарды, қарыз қаражатын тартуға сандық шектеулерді, лимиттерді, бағыттарды, кредит берудің, меншік капиталын орналастырудың, бірлесіп қаржыландырудың, кепілдіктер берудің, агенттің функцияларын орындаудың ықтимал шарттарын, тәртібі мен мерзімін белгілейді.

2. Меморандумның тұжырымдық әрі нұсқамалық сипаты бар және Даму Банкінің ішкі құжаттарымен белгіленетін Даму Банкінің ішкі кредит саясатын, қарыз алу саясатын, активтер мен пассивтерді басқаруды, қаржылық тәуекелдерді басқаруды айқындауы үшін негіз болып табылады.

3. Меморандумда белгіленген басымдықтар мен шектеулер Даму Банкі қызметінің нәтижелері мен жаңа бағыттарын, Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістерін, сондай-ақ елдегі және әлемдік рыноктағы экономикалық жағдайдың өзгерістерін ескере отырып түзетілуі мүмкін.

2. Кредит беру

4. Инвестициялық басымдықтар

Даму Банкінің кредит беруі үшін Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес негізгі салалық инвестициялық басымдықтар мыналар болып табылады:

алкоголь өнімдері мен темекі бұйымдарын өндіруді қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу - 15,91-15,97-сыныптар мен 16-бөлімнен басқа, DA кіші секциясы;

шикізатты өндіру мен өңдеу орнына дейін тасымалдауды қоспағанда, тау-кен өндіру өнеркәсібінің шикізатынан жасалған құрылыс материалдарын өндіру (уату, ұсату, айыру, байыту және басқалары), - 13-бөлімнен, 14.13-сыныптан, 14.3, 14.4-топтардан 14.50.5, 14.50.6-кіші сыныптардан басқа, CB кіші секциясы; <*>

тоқыма және тігін өнеркәсібі - DB кіші секциясы; былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар өндірісі және аяқ-киім өндірісі - DC кіші секциясы;

ағаш өңдеу және ағаштан жасалған бұйымдар өндірісі - DD кіші секциясы; баспа ісін қоспағанда, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі - 22.1-топтан басқа DE кіші секциясы;

кокс, мұнай өнімдері және ядролық материалдар өндірісі - DF кіші секциясы; жарылғыш заттарды қоспағанда химия өнеркәсібі - 24.61-сыныптан басқа, DG кіші секциясы;

резеңкеден және пластмассадан жасалған бұйымдар өндірісі - DH кіші секциясы;

металл емес өзге де минералдық өнімдер өндірісі - DI кіші секциясы; металлургия өнеркәсібі және дайын металл бұйымдары өндірісі - DJ кіші секциясы;

қару-жарақ және оқ-дәрі өндірісінен басқа, машиналар мен құрал-жабдықтар өндірісі - 29.6-топтан басқа, DK кіші секциясы;

электр жабдықтары, электронды және оптикалық жабдықтар өндірісі - DL кіші секциясы ;

көлік құралдары мен жабдықтар өндірісі - DM кіші секциясы; өзге де өнеркәсіп салалары - 36.2, 36.5, 36.6-топтардан басқа, DN кіші секциясы ;

электр энергиясы, газ және су өндірісі және оларды тарату - E секциясы; тұрғын үй құрылысынан басқа, оқу, қонақ үй, спорт-сауықтыру және қоғамдық ойын-сауық кешендері және барлама бұрғылау құрылысы - 45.12-сыныптан басқа, F секциясы; көлік және байланыс - I секциясы.

Инвестициялық жобаларға кредит беру үшін іріктеу кезінде қосылған құны жоғары деңгейлі, технологиялық жағынан байланысты өндірістердің тізбегін қалыптастыратын және қазақстандық өндірушілер шығаратын өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін әлемдік рыноктарға шығу ұстанымы жағынан перспективалы жобаларға басымдық берілуі тиіс.

Шетелде іске асырылатын жобалар үшін басымдық:

өңдеуші өнеркәсіптің немесе оларды шикізатпен және шикі өнімдермен қамтамасыз етуді, қазақстандық тауар өндірушілердің өндірістік объектілерді шетелден сатып алуын қоса алғанда, олардың дамуын қамтамасыз ететін қазақстандық кәсіпорындармен технологиялық байланысты жобаларға;

Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін дамытуға, қазақстандық өнімнің экспортын ілгерілету мен кеңейтуге ықпал ететін инфрақұрылымдық жобаларға ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстанның Даму Банкіне ұсынған Қазақстанның Даму Банкінің кредиттерін қамтамасыз етуде қарыз алушы елдердің мемлекеттік кепілдіктері берілетін Қазақстан Республикасының резидент еместерінің жобаларына берілуі тиіс.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.17. N 147 , 2005.07.05. N 688 қаулыларымен.

5. Кредит беру түрлері

Даму Банкі өзінің кредиттік қызметінде кредит берудің мынадай түрлерін пайдаланады :

орта мерзімді және ұзақ мерзімді кредит беру, соның ішінде инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру;

бірлесіп қаржыландыруды қоса алғанда, қазақстандық тауарларды сыртқы рыноктарға жылжытуға ықпал ететін экспорттық операцияларға кредит беру.

6. Инвестициялық жобаларды және экспорттық операцияларды іріктеудің негізгі өлшемдері

Даму Банкі инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды іріктеу

к е з і н д е :

инвестициялық жобалардың осы Меморандумда айқындалған басымдықтарға с ә й к е с т і г і ;

жобаның рентабельділігі және өтелімділігі;
жобаны іске асыру нәтижесінде құралатын өнімді өткізудің қамтамасыз етілуі және шикізат базасының жеткілікті болуы;
жобалау шешімдерінің технологиялық және техникалық негізділігі;
экологиялық талаптардың сақталуы;
жобалау құжаттамасының сапасы және толықтығы;
біліктілік менеджментінің институционалдық пысықталғандығы, болуы;
кредитті қамтамасыз етудің болуы;
қарыз алушыға ұсынылатын талаптардың (кредитті өтеу қабілеттілігі, төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылығы және т.б.) орындалуы негізгі өлшемдер б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.17. N 147 қ а у л ы с ы м е н .

7. Кредит беру шектеулері

Даму Банкі кредит беруді "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып жүргізеді.

8. Сыйақы ставкалары мен тарифтер

Даму Банкі ұсынатын кредиттер бойынша сыйақы ставкасы Даму Банкінің қарыз алу және операциялық шығыстарының орташа құны есепке алына отырып е с е п т е л е д і .

Даму Банкінің қарыз алуының орташа құнын, шекті (ең жоғары және ең төмен) сыйақы ставкаларын, кредит операциялары бойынша тарифтер мен комиссияларды Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Даму Банкінің Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті белгілейді.

Инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ 5 млн. АҚШ доллары сомасынан асатын экспорттық операциялар бойынша сыйақы ставкаларының мөлшері туралы шешімді Даму Банкі Кредит комитетінің шешімін ескере отырып, Директорлар кеңесі қабылдайды.

9. Инвестициялық жобаларға кредит беру

1) Кредит беру мерзімдері мен валютасы

Инвестициялық жобаларға кредит беру кезінде кредит берудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

орта мерзімді инвестициялық кредиттер (5 жылдан 10 жылға дейін);
ұзақ мерзімді инвестициялық кредиттер (10 жылдан 20 жылға дейін).

Инвестициялық жобалардың шарттарына сәйкес инвестициялық жобаларға

кредит беру ұлттық валютада және шетел валютасында жүзеге асырылады.

2) Кредит беру көздері

Инвестициялық жобаларға кредит беру үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің қарыздарын қоса алғанда, қарыз қаражаты, сондай-ақ Даму Банкі мемлекеттік кепілдіктермен тартқан қарыздар пайдаланылады.

3) Кредит берудің ең аз сомасы

Инвестициялық жоба бойынша Даму Банкі ұсынатын кредиттің ең аз сомасы 5 млн. АҚШ долларына баламалы мөлшерде белгіленеді.

4) Шешім қабылдау тәртібі

Банктік сараптама нәтижелері бойынша оң қорытынды алған инвестициялық жобаға кредит беру мәселесі Даму Банкі Кредит комитетінің қарауына шығарылады. Даму Банкінің Кредит комитеті оң шешім қабылдаған жағдайда, инвестициялық жобаға кредит беру мәселесі жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылдайтын Даму Банкі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

10. Экспорттық операцияларға кредит беру

1) Кредит беру мерзімдері мен валютасы

Экспорттық операцияларға кредит беру кезіндегі мерзімдер экспорттық операцияның шарттарына байланысты белгіленеді.

Экспорттық операцияның шарттарына сәйкес экспорттық операцияларға кредит беру ұлттық валютада және шетел валютасында жүзеге асырылады.

2) Кредит беру көздері

Экспорттық операцияларға кредит беру үшін мыналар: республикалық және жергілікті бюджеттердің қарыздарын қоспағанда, қарыз қ а р а ж а т ы ;

оның мөлшерінің 20%-ынан аспайтын көлемдегі Даму Банкі жарғылық капиталының қаражаты пайдаланылады.

3) Кредит берудің ең аз сомасы

Экспорттық операция бойынша Даму Банкі ұсынатын кредиттің ең аз сомасы 1 млн. АҚШ долларына баламалы мөлшерде белгіленеді.

4) Шешім қабылдау тәртібі

Банк сараптамасының нәтижелері бойынша оң қорытынды алған экспорттық операцияға кредит беру туралы мәселе Даму Банкі Кредит комитетінің қарауына шығарылады.

5 млн. АҚШ долларына баламалы сомадан аспайтын мөлшердегі экспорттық операцияға кредит беру жөніндегі шешімді Даму Банкінің Кредит комитеті қабылдайды.

5 млн. АҚШ долларына баламалы сомадан асатын мөлшердегі экспорттық операцияға кредит беру кезінде, Даму Банкінің Кредит комитеті оң шешім қабылдаған жағдайда, экспорттық операция экспорттық операцияны

қаржыландыру туралы шешім қабылдайтын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылды.

Даму Банкінің кредит портфеліндегі экспорттық операцияларға кредит беру үлесін Директорлар кеңесі айқындайды.

11. Кредит портфелі мониторингі және оны бақылау

Кредит портфелінің мониторингін және оны бақылауды Даму Банкі үздіксіз жүзеге асырады және бұған қарыз алушының кредитті өтеу қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін, кредит шартының бүкіл әрекет ету кезеңі ішінде жобаның іске асырылуын қадағалау процесі енеді.

Мониторинг және бақылау нәтижелері негізінде Даму Банкі ай сайын Заңның 17-бабына сәйкес кредит портфелінің жіктемесін және провизияларды (резервтерді) қалыптастыруды жүргізеді.

12. Даму Банкінің кепілдіктер беруі

1) Даму Банкінің кепілдіктерді беру шектеулері

Даму Банкі Заңның 15-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып, кепілдіктер береді.

Қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін инвестициялық жобалар осы Меморандумда белгіленген инвестициялық басымдықтарға сәйкес болуы тиіс.

2) Мерзімдері мен валютасы

Қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит беру мерзімдері осы Меморандумда Даму Банкі инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит беру үшін белгіленген мерзімдерге сәйкес болуы тиіс.

Даму Банкінің кепілдіктер беруі іске асырылатын инвестициялық жобаға немесе экспорттық операцияға сәйкес ұлттық валютада және шетел валютасында жүзеге асырылады.

3) Кепілдіктің сомасы

Қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит беру сомалары осы Меморандумда Даму Банкі инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит беру үшін белгіленген сомаларға сәйкес болуы тиіс.

4) Кепілдіктердің жиынтық көлемі

Инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды іске асыру үшін үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша Даму Банкінің қолданыстағы кепілдіктерінің (шартты міндеттемелерінің) жиынтық көлемінің ара қатынасы Даму Банкінің меншік капиталына 2:1 ара қатынасынан аспауы тиіс.

Даму Банкінің Директорлар кеңесі көрсетілген ара қатынас шегінде шартты міндеттемелер бойынша лимит белгілеуге құқылы.

5) Шешім қабылдау тәртібі

Банк сараптамасы нәтижелері бойынша оң қорытынды алған, оны қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін инвестициялық жоба немесе экспорттық операция Даму Банкі Кредит комитетінің қарауына шығарылды.

Инвестициялық жобаларды іске асыратын үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша Даму Банкінің кепілдіктер беруі туралы шешімді Даму Банкінің Кредит комитеті оң шешім қабылдаған жағдайда Директорлар кеңесі қабылдайды.

Экспорттық операцияларды іске асыратын үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша 5 млн. АҚШ долларына баламалы сомадан аспайтын көлемде Даму Банкінің кепілдіктер беруі туралы шешімді Даму Банкінің Кредит комитеті қабылдайды.

Экспорттық операцияларды іске асыратын үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша 5 млн. АҚШ долларына баламалы сомадан асатын мөлшерде Даму Банкінің кепілдіктер беруі туралы шешімді Даму Банкінің Кредит комитеті оң шешім қабылдаған жағдайда, Даму Банкінің Директорлар кеңесі қабылдайды.

б) Даму Банкінің шартты міндеттемелерінің (кепілдіктерінің) мониторингі және оларды бақылау

Шартты міндеттемелердің (кепілдіктердің) мониторингін және оларды бақылауды Даму Банкі кредит беру процесіне және борышкердің (қарыз алушының) кредитті өтеу қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін, кепілдіктің әрекет етуінің бүкіл кезеңі ішінде жобаның іске асырылуын қадағалауды қоса алғанда, оның міндеттемелерін орындауына үздіксіз мониторинг және бақылау жүргізу жолымен жүзеге асырады.

Мониторинг және бақылау нәтижелері негізінде Даму Банкі ай сайын Заңның 17-бабына сәйкес шартты міндеттемелердің (кепілдіктердің) жіктемесін және провизияларды (резервтерді) қалыптастыруды жүргізеді.

13. Кредиттер мен кепілдіктерді қамтамасыз ету

Кредиттер мен кепілдіктер өтімділігі жоғары активтермен (мемлекеттік бағалы қағаздар, екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктері және басқалар), сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де қамтумен қамтамасыз етілуі тиіс.

Даму Банкі ұсынатын кредиттер мен кепілдіктер бойынша қамтамасыз етудің тәсілін, құрылымын және мөлшерін Даму Банкінің Директорлар кеңесі айқындайды.

14. Лимиттер

Бір қарыз алушыға (аффилиирленген қарыз алушылар тобына) тәуекел бойынша лимит Даму Банкінің меншік капиталы сомасының 25%-ынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Салалық және өңірлік белгісі бойынша кредит портфелінің құрылымы

бойынша лимитті Даму Банкінің Директорлар кеңесі кредит саясатының басымдықтарына сәйкес белгілеуге құқылы.

3. Агенттің функцияларын орындау

15. Даму Банкінің агент функцияларын орындауы Даму Банкі Заңның 10-бабына сәйкес агент функцияларын орындайды.

16. Қызмет көрсету талаптары мен шарттары
Агенттік қызмет көрсету шарттарында Даму Банкінің мынадай:
қайтарымды негізде қаржыландырылатын республикалық және жергілікті
инвестициялық жобаларға;
мемлекет кепілдік берген қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобаларға;

мемлекет кепілдік берген қарыздарға;
сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдіктер
бойынша міндеттемелерді орындауына және заңды тұлғалардың басқа да
борыштық міндеттемелерін орындауына байланысты республикалық бюджеттен
бөлінген қаражатты қайтару жөніндегі агенттің функцияларына қызмет көрсетуі
бойынша агент орындайтын функциялар тізбесі, шарттар (қаржылықты қоса
алғанда) және агент функцияларын тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік
көзделеді.

Жобалар мен қарыздарға қызмет көрсету бойынша Даму Банкінің агент
функцияларын орындауы, қарыз алушылардың республикалық бюджет
алдындағы міндеттемелерін Даму Банкінің қаражаты есебінен орындауын
көздемейді.

4. Инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялардың сараптамасы

17. Даму Банкінің инвестициялық жобаға немесе экспорттық операцияға
банктік сараптамасыз кредит беруге, кепілдіктер беруге құқығы жоқ.

Банктік сараптама Даму Банкінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен
жүргізіледі.

18. Банктік сараптамаға жататын инвестициялық жобалар мен экспорттық
операциялар

Даму Банкі шарттық негізде:
қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын республикалық және
жергілікті инвестициялық жобалардың;
мемлекет кепілдік берген қарыздар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын
инвестициялық жобалардың;

Даму Банкі немесе оның кепілдігімен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялардың банктік сараптамасын жүзеге асырады.

Инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялардың банктік сараптамасын жүргізу үшін Даму Банкі сарапшылар мен консультанттарды тартуы мүмкін.

19. Инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға қойылатын талаптар

Даму Банкінің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялар сараптамаға қабылданады.

20. Банктік сараптаманы жүргізу үшін белгіленген тарифтер

Инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялардың банктік сараптамасын жүргізу үшін тарифтер Даму Банкі Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитетінің шешімімен белгіленеді және оны Директорлар кеңесі бекітеді.

5. Қарыз алу

21. Көздері мен нысандары

Заңнамаға сәйкес Даму Банкі несие капиталының сыртқы және ішкі рыноктарында, соның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден қарыз алуды жүзеге асырады.

Қарыз алу мынадай нысандарда жүзеге асырылады:
борыштық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру;
қарыз туралы шарттар (келісімдер) жасасу.

Даму Банкі облигациялар түрінде шығарған бағалы қағаздардың олар шығарылған сәттен бастап Даму Банкінің қаржы агенттігі мәртебесі болған жағдайда;

олар Даму Банкіне қаржы агенттігі мәртебесі берілгенге дейін шығарылған жағдайда, осы мәртебе берілген сәттен бастап агенттік облигациялар мәртебесі бар.

Даму Банкінің бірлестірілген қарыздары, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместерінің банкаралық кредиттерін, бюджеттік кредиттерді тартуы қарыз туралы шарт (келісім) жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Даму Банкінің қарыз алуы ұлттық валютада, сол сияқты шетел валютасында да жүзеге асырылуы мүмкін.

22. Қарызға алынатын қаражатты пайдалану

Даму Банкі қарыз алуды өзінің кредит қызметін қорландыру және өтімділікті

басқару мақсатында жүзеге асырады.

Бюджеттік кредиттер қарыз алудың орташа құнын төмендету және қарыздар портфелінің орташа мерзімін ұлғайту үшін тартылады.

23. Қарыз алудағы сыйақы ставкасы

Қарыз алудың шекті (ең жоғары) ставкасын Даму Банкінің Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті белгілейді.

24. Лимиттер мен шектеулер

Даму Банкі инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға (міндеттемелерге) кредит беру үшін тартқан қарыздары бойынша негізгі борыш оның меншік капиталына қатысты 4:1 ара қатынасынан аспауы тиіс.

Даму Банкінің Директорлар кеңесі көрсетілген ара қатынас шегіндегі міндеттемелер бойынша лимиттер белгілеуге құқылы.

Шектеулер агенттік негізде қызмет көрсетілетін қаражатқа қолданылмайды.

Қарыз алудың көздері, мерзімдері, ставкалары бойынша Даму Банкінің қарыздар портфелінің құрылымы Даму Банкі Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитетінің шешімімен белгіленеді.

6. Инвестициялық портфельді басқару

25. Құралдар мен лимиттер

Даму Банкі ішкі және сыртқы рыноктарда (инвестициялық портфель) төменде көрсетілген қаржы құралдарына, қарыз және жарғылық капиталдың қаражатын қоса алғанда, инвестициялық портфельдің жалпы көлемінен мынадай мөлшердегі :

1) Қазақстан Республикасының, соның ішінде басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарға - 100%-ға дейін;

2) мынадай халықаралық қаржы ұйымдары:

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі;

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі;

Азия Даму Банкі;

Ислам Даму Банкі;

Халықаралық қаржы корпорациясы;

Америкааралық Даму Банкі;

Халықаралық есептеу банкі;

Африка Даму Банкі шығарған бағалы қағаздарға;

Орналастыру бойынша лимит - 100%-ға дейін;

3) Standard&Poog`с шәкілі бойынша BBB-дан немесе Moody's шәкілі бойынша Baa3-тен төмен болмайтын кредиттік рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарына - 70%-дан аспайтын;

4) Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын қор биржасының аса жоғары санатының тізіміне енгізілген қазақстандық эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына, қаржылық емес ұйымдар үшін - 25%-дан аспайтын, қаржы ұйымдары үшін - 50%-дан аспайтын;

5) Қазақстан Республикасының егеменді рейтингінен бір деңгейден төмен болмайтын кредиттік рейтингі бар қазақстандық эмитенттер шетел мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздарға - 25%-дан аспайтын;

6) Standard&Poor's шәкілі бойынша BBB-дан немесе Moody's шәкілі бойынша Baa3-тен төмен болмайтын кредиттік рейтингі бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына - 20%-дан аспайтын;

7) шетел валютасына - 100%-дан аспайтын;

8) осы тараудың 1 - 7-тармақтарында көрсетілген қаржы құралдары базалық активтері болып табылатын туынды бағалы қағаздарға - 20%-дан аспайтын;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға (депозиттерге), шетел банктерінде (Standard&Poor's шәкілі бойынша BBB-дан немесе Moody's шәкілі бойынша Baa3-тен төмен болмайтын кредиттік рейтингі бар) екінші деңгейдегі банктерде және екінші деңгейдегі банктер мен шетел банктері шығарған депозиттік сертификаттарға - 50%-дан аспайтын;

10) уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы болған кезде тазартылған қымбат бағалы металдарға - 20%-дан аспайтын еркін қаражатты орналастырады.

26. Құралдармен жүргізілетін операциялар

Даму Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Даму Банкінің Директорлар кеңесі белгілеген шектерде жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға құқылы.

Даму Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Даму Банкінің Директорлар кеңесі белгілеген шектерде рұқсат етілген басқа да қаржы құралдарымен операцияларды жасауға құқылы.

Даму Банкі жарғылық капиталы қаражатының бір бөлігін (төленген жарғылық капитал сомасының 50%-ынан аспайтын мөлшерде) Даму Банкінің Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімгерлік басқаруға беруге құқылы.

7. Даму Банкінің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы

27. Даму Банкінің жарғылық капиталға қатысуы

Даму Банкі Заңның 14-бабына сәйкес заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысады.

28. Қатысу көлемі

Даму Банкінің қор биржасының, орталық депозитарийдің, лизинг беруші ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу көлемін, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Даму Банкінің құрылтай құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Даму Банкінің Директорлар кеңесі белгілейді.

Даму Банкінің үшінші тұлғалармен бірлесіп лизинг беруші ұйымда құруы және/немесе қатысуы жағдайында қатысу үлесі тараптардың келісімімен белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ